Қоғамдық рейдтің анықтамасы

Облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысымен “Тұтынушылардың құқығын қорғау” әлеуметтік жобасы аясында “Fulcrum Foundation” азаматтық бастамаларды қолдау қоғамдық қорының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 28 қазан күні көп бейінді облыстық ауруханада денсаулық сақтау саласы бойынша мемлекеттік және ақылы қызметті тұтынушылар арасында қоғамдық рейд өтті. Қоғамдық рейд жоба жетекшісі және жоба заңгері Асанбаев Нұрлыбек тарапынан жүзеге асып, оған жоғарыда аталған ауруханада ем алушы кісілер қатысты. Денсаулық сақтау саласының қызметін алушыларға әрбір құқықтары туралы жеке түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Тұтынушылар көйкейдегі сауалдарына, толғандырып жүрген мәселелеріне толыққанды жауаптар алды. Рейдке қатысушы жеке тұлғалар толық ақпараттандырылды. Шара соңында ақпараттық жадынамалар үлестіріліп, жоба аясында жүргізіліп отырған әлеуметтік желі мен байланыс телефондарынан хабардар болды.